

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. М ы н а л а р д ы ң :

5, 6, 6-1-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

5-ҚОСЫМША

102 - Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 4636578 мың теңге (төрт миллиард алты жүз отыз алты миллион бес жүз жетпіс сегіз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының конституциялық заңы ; " Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; " Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық

қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1428 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының 2000 жылғы 29 қарашадағы N ІБ 01/42 бұйрығымен бекітілген " Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" Ережесі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Жүктелген функцияларды тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Парламент депутаттарының жұмысы мен тұруы үшін жағдайлар жасау; басқа елдер Парламенттерімен және халықаралық ұйымдармен халықаралық байланысты қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру; өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді , шеберлік пен дағдыны жаңарту .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарлама лардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын-даушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	116 депутатты қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының және Мәжілісінің 379 бірлік санында аппараттарын,	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашы-

бірлік санында аппаратын ұстау
ақшалай қамтамасыз етуді қамтиды,
о н ы ң
і ш і н д е :

1. Шартқа сәйкес
жиырма чартерлік
рейсті қамтамасыз ету;
2. Қызметтік тұрғын
үй алғанға депутаттардың тұруын
қамтамасыз ету;
3. Парламенттің әкімшілік ғимаратта-
рына және депутаттар-
дың қызметтік тұрғын
үйіне қызмет көрсету
жөніндегі қызметке
а қ ы т ө л е у ;
4. Техникалық жабдық
пен инженерлік желі-
лерді пайдалану және
оларға қызмет көрсету
жөніндегі қызметке
а қ ы т ө л е у ;
5. Қазақстан Республикасы
Парламентінің
инженерлік желілерді,
ғимараттарын, құрылыстарын және
басқа объектілерін
күрделі және ағымдағы
жөндеуді жүзеге асыру
жөніндегі қызметке
а қ ы т ө л е у ;
6. Заң жобаларын
әзірлеу, заң шығару
қызметінің практикасы
бойынша зерттеу
материалдарын дайындау, әлеуметтік
және сараптамалық
сауалдар, заңнамалық
реттеу проблемалары
жөнінде мониторинг
ж ү р г і з у ;
7. Парламент қызметін
техникалық қолдау,
атап айтқанда:
Сенат пен Мәжілістің
жалпы отырыстары,
комитеттер, бюролар
отырыстары кезінде
дауыс берудің, күшейтудің, ілеспе
аударманың, сөз
жазудың электрондық жүйелерін;
компьютерлік стенографиялау жүйесін;/

			кабельді телевидение жабдығын; шағын баспаханалық, бейне және фото жабдықтарды пайдалану жөніндегі қызметке ақы төлеу. 1-7-тармақтарда белгіленген іс-шараларды іске асыру мерзімі қаңтар-желтоқсан. 8. Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығына арналған іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру, іс-шараларды іске асыру мерзімі - 2006 жылғы I тоқсан.		басқармасы	
3		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Бес бағыт бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу: 1. Қазақстан Республикасының индустриалық-инновациялық саясаты: оның проблемалары мен перспективалары; 2. Қазақстанның ДСҰ-ға кіру шарттарының саудатарифтік саясаты; 3. Мемлекеттік органдардың қазіргі заманғы ақпараттық технологиясы; 4. Қазақстан Республикасындағы саяси технология; 5. Қазақстан Республикасының құқықтық-шығармашылық және заң шығару процесі. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы
4		008	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайла-	Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі қалыпты жағдайлар жасау үшін Мәжіліс ғимаратының жертөле	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық

			ры мен құрылыстарын күрделі жөндеу	үй-жайын қайта жаңарту (желдеткіш, су құбырын, жарық өткізу), қаңтар-желтоқсан		басқармасы
5		009	Мемлекеттік органдардың материалдық-техникалық жарақтандыру	Депутаттарға қызмет көрсету үшін: "Парламент Шаруашылық басқармасының автошаруашылығы" РМК үшін автомашиналар сатып алу, 2006 жылғы сәуір-тамыз; Парламенттің жаңадан салынған ғимараттары үшін жиһаз, тұрмыстық техника және басқа да мүліктер сатып алу, қаңтар-желтоқсан	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы
6		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Парламенттегі қолданыстағы ақпараттық жүйелер мен міндеттерді сүйемелдеу және пайдалану, есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету, есептеу жүйелеріне жүйелік қызмет көрсету, 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан; Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі Аппараттарының депутаттары мен қызметкерлерінің қызметіне қызмет көрсету үшін "Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Инженерлік орталығы" РМК үшін есептеу техникасы мен лицензиялық бағдарламалық өнімдер сатып алу, 2006 жылғы ақпан-қараша	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтижелер:

Қазақстан Республикасы Парламентінің тиімді қызметін қамтамасыз ету.
180 адамның кәсіптік деңгейін арттыру.
110 адамды мемлекеттік тілде оқыту.
200 адамды шетел тіліне оқыту.

Мыналар: 50 бірлік отырыс үстелінің креслолары, 60 бірлік кеңселік шкафтар, 40 бірлік келушілерге арналған 2 орындық диван; 18 бірлік жұмсақ демалыс жиһазы, 2 бірлік басшыға арналған жұмсақ демалыс жиһазы, 108 бірлік әртүрлі сейф, 14 бірлік өндірістік шаңсорғыш, 14 бірлік кілем жуғыш машиналар; 1 бірлік бу тазартқыш; 10 бірлік көшіру аппараттары, 60 бірлік орташа тоңазытқыштар және 40 бірлік шағын тоңазытқыштар; 5 бірлік Сенат үшін металл детекторлары; 1 бірлік жиһаз қоймасы модулі, 150 бірлік теледидар үшін тумбалар сатып алынды.

Мыналар: 2 бірлік Мерседес-Бенц; 15 бірлік жеңіл автомашина; 2 бірлік шағын автобус және 1 бірлік автобус сатып алынды; BOSCH INTEGRUS жабдықтарына толығымен сәйкес келетін конгресс жүйелерінің жұмыс істеуі үшін жабдықтардың резервтік қорын құру мыналар сатылып алынды: аударма арналар қайта қосатын "Concentus" делегат пульті - 30 бірлік, делегат пульті + есептеуші Микропроцессор карточкасы + LCD + арналардың селекторлары - 100 бірлік; алынатын ұзартылған микрофон "Cocentus" - 140 бірлік; ұзындығы 1.2 м және 3.5 мм кабелімен "иектегі" құлақтауыштар jack ажыратушыларымен - 200 бірлік; 8-арналы сандық инфрақызыл қабылдағыш - 100 бірлік; орташа қуатты сандық инфрақызыл сәулелі шығарғыш, 260 IRED, 9W/sr, 90-260VAC - 6 бірлік; ұзарту кабелі DCN, 100м, ажыратқыш - 5 бірлік; аудармашының пульті LCD экранымен және жарық шығарушы экранымен - 3 бірлік; DCN кеңейтілген орталық блогі - 3 бірлік; кеңейтілген DCN блогы - 3 бірлік; аналогтық жабдығын қосу блогі - 3 бірлік; DCN-ге қосу модулі - 3 бірлік; 8 арналы инфрақызыл сандық таратқыш - 3 бірлік.

BOSCH INTEGRUS жабдықтарына толығымен сәйкес келетін стенограмма жүргізу мен ілеспе аударма арналған мынадай жабдықтар сатылып алынды: LCD экранымен және жарық шығарушы экранымен аудармашыға арналған пульті - 14 бірлік; аудармашы құлақтауыштары - 28 бірлік; орталықтандырылған кеңейтілген DCN блогы - 7 бірлік; аналогты блогын қосу жабдығы - 7 бірлік; DCN-ге қосу модулі - 7 бірлік; инфрақызыл 4 арналы сандық инфрақызыл таратушысы - 7 бірлік; орташа қуатты инфрақызыл сандық сәуле шығарғышы, 260 IRED, 9W/sr, 90-260VAC - 7 бірлік; ИК радиаторы үшін монтаждық кронштейн - 7 бірлік; 4 арналы инфрақызыл сандық қабылдағышы - 210 бірлік; ИК қабылдағышы үшін аккумуляторлар жиынтығы - 210 бірлік; 56 инфрақызыл қабылдағыштары үшін зарядтау кейстері - 7 бірлік; ұзындығы 1.2 м және 3.5 мм кабелдерімен jack ажыратушыларымен "иектегі" стерео құлақтауыш - 315 бірлік; Plena микширлік дауыс күшейтушісі 180/120W - 7 бірлік; LINE ARRAY Дауыс бағанасы, 45/30W (60X8CM) - 14 бірлік; FlexiDone I түрлі-түсті 1/4 "ТВ камера декоративтік корпусімен, 330 ТВЛ, PAL, 4,5 lx, объектив 6 мм, DSP, 12VDC-28VAC - 7 бірлік; 14" түрлі-түсті кәсіби монитор, 400 ТВЛ, PAL, ашық 2 видео және 1 аудио кіру/шығу регенерациясымен, 230VAC, 50HZ - 14 бірлік; тұратын қол радиомикрофоны - 7 бірлік; 100М дауыс күшейткіш үшін 2x0,75 кабелі, 100м екі қабатты оқшаулатқыш - 14 бірлік; транктік желі таратушы - 7 бірлік; ұзартушы DCN кабелі 100м, таратушысыз - 7

бірлік; кабельды коннекторлар үшін (25 жұп) жинағымен - 7 бірлік; коаксиальный RG59 75 Ом кабелі, 100 м, BNC коннекторы 4 дана - 14 бірлік; мамандандырылған плата жинағы - 4 бірлік.

Мыналар: технологиялық компьютерлерді жаңартуға арналған 26 бірлік компьютерлік техника; 5 бірлік жабдықталған сервер; қолданылатын жұмыс станциялары 123 бірлік; жеке компьютерлер 163 бірлік; 23 бірлік түрлі-түсті принтер; арнайы мақсаттағы принтерлер 1 бірлік; 14 бірлік желілік принтер; 14 бірлік сканер; плазмалық панельдер 5 бірлік сатып алынды.

Т ү п к і н ە т и ж е л е р :

Депутаттардың жұмыс істеуі мен тұруы үшін жағдай жасау. Парламент Палаталары мен Парламент Шаруашылық басқармасы аппараттарының 41,1% қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, Парламент Палаталары аппараттарының 19,8% қызметкерлерін мемлекеттік тілді оқытуға, Парламенттің депутаттық корпусының 37,4%-ының ағылшын тілін оқуға қажеттілігін қамтамасыз ету.

Парламент Палаталарының жоспарына сәйкес жоспарлы 20 (жиырма) чартерлік рейс ж а с а л д ы .

Парламенттің жаңадан салынған ғимараттары жиһазбен, тұрмыстық техникамен және басқа да мүліктермен 100% жабдықталды.

20 автомашина сатып алу қажеттілігі 100% жүзеге асырылды.

Парламент қызметкерлерінің 100%-ы, соның ішінде депутаттар корпусы желіде жұмыс істейді, Интернет пен электронды почта жәшіктеріне қосылған; Парламентте қолданыстағы типтік және мамандандырылған ақпараттық жүйелермен және міндеттермен 100% қамтамасыз етілген.

Депутаттардың жедел жұмыс істеуі және өздерінің функцияларын тиімді іске асыруы үшін ақпараттық-есептеу желісі мен бағдарламалық-техникалық кешендер арқылы Парламенттің заң шығарушылық және ұйымдастырушылық қызметін 100% қолдау ж ә н е ж ә р д е м к ө р с е т у .

Республиканың заңнамалық базасы қамтамасыз етілетін сапалы заңдармен қамтамасыз ету. Орнына заң шығарушының еркін дұрыс көрсетілетін немесе мүлдем алмастыратын заңға тәуелді сансыз актілер қабылданып жатқан тікелей қолданылатын заңдардың жетіспеуіне байланысты проблемаларды шешу.

2006 жылы Қазақстан Республикасының Парламентіне 72 заң жобасы келіп түсті (59-ына Үкімет, 13-іне депутаттар бастамашы болды). Бұдан басқа, Палатаның заң шығару портфелінде Палатаның қарауына Мәжілістің үшінші шақырылымының 7-сессиясынан ауысқан 126 заң жобасы болды (58-іне Үкімет, 68-іне депутаттар бастамашы болған). Сегіз ай жұмыс ішінде Мәжіліс 80-ге жуық заң жобасын қарап, мақұлдап, Парламент Сенатына жіберді. Сенат қабылдағаннан және ел Президенті қол қойғаннан кейін 40 заң жобасы заң күшіне еніп, Қазақстан Республикасының құқықтық базасын толықтырды. Президент қол қойған жалпы заңдардың 12-сі негізгі, жаңадан

қабылданған, 31-і негізгі заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң жобалары , 17-сі Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған, бекітілген халықаралық конвенциялар, хаттамалар, келісімдер мен шарттар.

Қаржы-экономикалық нәтижесі:

Бір депутаттың қызметін ұстауға жұмсалатын орташа шығыс 33 690,8 мың теңгені құрайды. Бір нормативтік құқықтық актіні халықаралық нормаларға сәйкес келтіруге арналған шығындар көлемі, бір келісімге қол қою.

Бір қызметкердің біліктілігін арттырудың орташа құны 5505 теңге, бір қызметкерді мемлекеттік тілді оқытудың орташа құны 27 200 теңге, бір қызметкерді ағылшын тіліне оқытудың орташа құны 15 000 теңге.

Бір адамға арналған техникалық қолдаудың орташа құны 10,500 мың теңгені құрайды, Парламентте қолданыстағы типтік және мамандандырылған ақпараттық жүйелер мен міндеттерді сүйемелдеудің және пайдаланудың, есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсетудің және есептеу жүйелеріне жүйелік қызмет көрсетудің нақты уақыт режиміндегі бір адамға арналған орташа құны 1,107 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: Парламент Палаталарының кезекті сессияға арналған негізгі іс-шараларының бекітілген жоспарларындағы мерзімдерге сәйкес заң жобаларын шығару және бұл үшін жасалған шарттарында белгіленген мерзімдерге сәйкес жыл бойы іс-шараларды орындау. Автокөліктік қызмет көрсету, Парламенттің заң шығару қызметін техникалық қолдау, Парламентте қолданыстағы типтік және мамандандырылған ақпараттық жүйелер мен міндеттерді сүйемелдеу және пайдалану, есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету және есептеу жүйелеріне жүйелік қызмет көрсету жөніндегі шарттық міндеттемелерді толық әрі уақтылы орындау және орындалған іс-шаралар бойынша жазбаша сыни ескертпелердің болмауы

С а п а с ы :

Қабылданатын заңдардың сапасын арттыру, заңнаманың тұрақтылығы, басқаша айтқанда, қабылданатын заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің болмауы сонда ғана қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

6-ҚОСЫМША

102 - Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Заң жобалары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны : 60000 мың теңге (алпыс миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Жоқ.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығару жөніндегі ақпаратқа уақтылы әрі сенімді қол жеткізу және заң жобаларын қабылдау әрі қолданыстағы заңдардың тиімділігі жөніндегі мәселелерді бұқаралық сипатта әрі қызу талқылау мүмкіндігі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Парламент жұмысының ашықтығын және жұртшылықпен кері байланыстың болуын қамтамасыз ету; Өңірлердегі жұмысы кезінде депутаттық корпус үшін ақпаратпен жұмыс істеудің бірыңғай кеңістігін құру; Ақпаратты жинау әрі алмасу үшін қызметкерлердің топтық жұмысын ұйымдастыра отырып, ақпаратты өңдеудің бірыңғай технологиясын құру, Мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектілерге, қоғамдық ұйымдарға, мемлекеттік басқару органдары мен азаматтарға оларға берілген қол жеткізуді құқықтарын сәйкес барлық қол жеткізу көздердің ақпаратына электронды сәйкестендірілген құжатта негізделген әмбебап қол ж е т і м д і к т і қ а м т а м а с ы з е т у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Заң жобалары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру	1. "Заң жобасы" кіші жүйесінің "Деректер қоймасы" модулін әзірлеу, 2006 жылғы ақпан-желтоқсан. 2. "Деректер қоймасы" кіші жүйесін құруға арналған техникалық тапсырманы әзірлеу, 2006 жылғы ақпан-желтоқсан. 3. Операторлар мен БЖДҚ үшін жарақтандырылған, перифериялық жабдығы және компьютерлік ж а б д ы ғ ы бар серверлер жиынтығын сатып алу, 2006 жылғы ақпан-желтоқсан. 4. "Кітапхана" кіші	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық

			жүйесін арналған тапсырманы 2006 жылғы желтоқсан.	құруға техникалық әзірлеу, ақпан-маусым.		басқармасы
			5. Кіші әзірлеу, ақпан-желтоқсан.	"Депутат сайты" жүйелерін 2006 жылғы желтоқсан.		

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтижелер: Өзірленген және енгізілген кіші жүйелер:

- "Заң жобасы". Кіші жүйенің негізгі мақсаты: қаралатын заң жобаларын қадағалау және бақылау, Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің Регламенттеріне сәйкес заң шығару рәсімінің барлық операцияларын қолдау, мұрағат жүргізу және деректерді жергілікті Интранет желісі мен жаһандық Интернет желісінде көрсету;
- "Парламенттің ақпараттық қоры". Кіші жүйенің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Парламентінің ағымдағы жұмысы туралы және заң шығару қызметінің жұмыс кезеңдері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі Палаталарының, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелерінің заң шығару жұмысына байланысты ақпараттың барлық түріне жедел әрі сенімді қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады;
- "Электоратпен байланыс". Кіші жүйенің негізгі мақсаты жаһандық Интернет желісінде сайлаушылармен диалогты қамтамасыз ету, интерактивті сұраусалулар мен форумдар өткізу, бекітілген тақырып бойынша аудио-, видеоконференциялар мен брифингтер өткізу болып табылады;
- "Депутат сайты" Кіші жүйенің негізгі мақсаты жаһандық Интернет желісі мен Парламенттің ішкі Интранет желісін пайдаланушыларға әрбір депутат жөнінде ауқымды ақпарат беру және электоратпен кері байланыс жасау;
- "Деректер қоймасы". Бұл кіші жүйенің мақсаты - материалдарды сақтау, сұралатын ақпаратты енгізуді, іздеу мен шығаруды автоматтандыру;
- "Парламент кітапханасы". Кіші жүйенің негізгі мақсаты Парламенттің кітапхана қорын есепке алудың, іздеудің, тіркеудің, сондай-ақ электронды түрдегі кітаптар мен мерзімді басылымдарға қол жеткізудің технологиялық процесін автоматтандыру болып табылады.
- "Отырыс". Кіші жүйенің мақсаты - бюро, жалпы және бірлескен отырыстар өткізген кезде сүйемелдеуші ақпараттың бәрін электронды түрде ұсыну.

Түпкі нәтижелер :

Заң шығару қызметі үшін қажетті барлық ақпарат түріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесі есебінен депутаттар корпусының және Сенат, Мәжіліс аппаратының жұмыс істеуінің ыңғайлы әрі қолайлы болуын арттыру; Парламенттің заң шығару қызметі жөніндегі материалдарды: іс-шаралар жоспарын, бір

жылдағы заң шығару жұмыстарының жоспарын, бір жылдағы жұмыс қорытындысын, жалпы отырыстар мен бюролардың күн тәртібін, қаралатын заң жобаларының ілеспе құжаттары бар мәтіндерін Сенат, Мәжіліс бюроларының қаулыларын, комитеттер мен заңнама бөлімінің қорытындыларын, талдамалық жазбаларды, салыстырма кестелерді, стенографиялық есептерді, келісу комиссияларының қаулыларын, заң жобаларының түпкі нұсқаларының мәтіндерін, заң жобаларының өтуі туралы мәліметтерді және аудио-, фото-, видеоматериалдарды деректер қоймасына 100% беру және пайдаланушыларға берілген құқықтарға сәйкес олардың сұраулары бойынша қол жетімділікті ұйымдастыру;

Жалпы және бірлескен отырыстар өткізген кезеңде сүйемелдеуші барлық ілеспе ақпаратты 100% электронды түрде беру;

Интернет желісі арқылы депутаттар корпусына тұңғыш рет заң жобаларын, қолданыстағы заңдарды, сондай-ақ күшіне еніп, қолданыла бастағаннан кейін жаңадан қабылданған заңдарды қарау жөнінде шаруашылық жүргізуші мүдделі субъектілермен, қоғамдық ұйымдармен және жекелеген азаматтармен талқылау, сұрау сауалды жүргізу мүмкіндігі жасалды;

Интернетке қол жетімділік болған жағдайда өңірлерде және басқа жерлерде жүрген кезде депутаттар корпусына 100% ақпарат беру;

Интернет желісінде депутаттар корпусы туралы ақпаратты: өмірбаянын, өңір ақпаратын, округтегі жұмысын, Парламенттегі жұмысын, жарияланымдарын, фотоальбомдарды, депутаттарға хаттарды 100% беру. Қаржы-экономикалық нәтижесі: Жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігі заң жобаларын қарау циклын қысқарту, яғни қаралатын заң күшіне енген заң жобаларын ұлғайту есебінен заң жобаларының қарауға жұмсалатын шығыстарды қысқартудан түсетін кірістердің өсуінен көрсетілген. Заң жобаларын қарауға жұмсалатын шығыстарды шамамен 22%-ға қысқарту.

У а қ ы т ы л ы ғ ы :

Мемлекеттік сатып алу туралы жасалатын шарттарда белгіленген мерзімдерге сәйкес.

С а п а с ы :

Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығару қызметі туралы уақтылы және сенімді ақпарат алу.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

6-1-қосымша

Ескерту. Қаулы 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. № 4706 қаулысымен.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерін салу және қайта жаңарту" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 400000 мың теңге (төрт жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерінің тиімді жұмыс істеуі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының ғимараты құрылысын бітіруді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N п/п	Бағдарламаның коды	Кіші бағдарламаның коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерін салу және қайта жаңарту	"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 шілдедегі N 656 қаулысының 2 қосымшасына сәйкес инвестициялық жобаларды тізбе бойынша және бөлінген сома шеңберінде іске асыру оның ішінде Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының ғимараты құрылысын бітіруі.	қаңтар - желтоқсан	"Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың ықтимал нәтижелері:

Тікелей нәтиже: Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының ғимаратын тапсыру және пайдалануға беру.

Түпкілікті нәтиже: объектіні іске қосу.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: талдаудың қорытындысы бойынша жобаны іске асырудың тиімділігі.

Уақтылығы: жасалған шарттарға байланысты атқарылған жұмыстар, белгіленген мерзімдерге сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК